

АҒЫБАЙ КҮМБЕЗІ


Сырбай МӘУЛЕНОВ.

Қазактың мандай алды
мақтаулы ері,
Тайатқан-Шұнақ онын
жатқан жері.
Ол жайлы айтыс-тартыс көп
болса да,
Келеді көкірегінде сақтап елі.

Екпені тау селіндей
сарқыраған,
Қас дұшпан үрейі ұшып
қалтыраған,
Қолында шолақ найза қол
бастады,
Астында Ақтаңгер ат арқыраған.

Ежелден ата-баба қоныстанған,
Жауларға жайылым, кең
өрісті алған.
Ағыбай ашу буып,
айбат шегіп,
Абылай туы астына соғыс
салған.

Дұшпанға арыстандай атылатын,
Атаған Ақжолтай деп



Батыр атын.
Жол тартып, кара түнде жорық,
шегіп,
Тандарын ат үстінде
атыратын.

Он үште арғымақтың жалын
түйіп,
Көтерген батырлықтың
бағын биік.
Найзасын найзағайдай
жаркылдатқан,
Науанды ардақтаған
жаны сүйіп.

Көмілмей оныменен бір
адырда,
Өзінің өлді қоныс тұрағында,
"Хош" деген Наурызбайдың
жалғыз сөзі,
Өлгенше тұрды кетпей
құлағында.
Тулаған талай жауы
тақымында,
Ерекше жаратылған
батыр тұлға.
Алыстан мен мұңдалап
шақырғандай, Ма-
зары Ағыбайдың
жатыр қырда.

Баяғы сарынындай қанды
жорық,
Қаратал күркірейді
жарды соғып,
Батырдың зәулім биік
мұнарасы,
Тұрғандай торуылдап,
жауды шолып.

АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ ҮКІМІ

Өткен XIX ғасырдың 40-шы жылдары қазақ даласында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Кенесары Қасым ұлының сенімді серіктерінің бірі-шұбыртпалы Ағыбай батыр. Ол заманда шұбыртпалылар Балқаш көлінің түстік бетін жайласа, қыста Бетпактын шөлін басып өтіп, Шудың бойын қыстайды. Осы елдің бір тобы жоғарыдағы көтеріліс жылдары Сыр бойы Шиелі өңіріне ауып барыпты.

Сол тұста, нақтырақ айтқанда 1880 жылдары Сырдария облысының Перовск уезіне қарасты Шиелі болыстығына сайлау жүріп, қыпшақ руынан Әлмембет Тұрсынбайұлы мен шұбыртпалы Әйеке Бекежанұлы екеуі болыстыққа таласқан екен. Содан қатты шиеленіс үстінде қыпшақ Әлмембет шұбыртпалы Әйекені жазым етіпті.

Әйеке болса Ағыбай батырдың жақын руласы. Жаман хабар Арқадағы Ағыбайға да жетеді. Жасы шау тартып отырғанына қарамай, батыр жолға шығады. Ұзақ жол жүріп қаралы ауылға ат басын тірейді. Күллі шұбыртпалы «ой, бауырымдап» батырдың алдынан шығады. Келіндер Әйеке болыстың қадір-қасиетін, байлық-беделін, кісілігі мен түсінігін жырға қосып, тыңдаған пенденің сай-сүйегін сырқыратып жоқтау айтады.

Алыстан келген қарт батырға мұндағы ағайындары: «Уа, батыр, ер-намысы, ел намысы деген, біздің аймаққа бедел, аумаққа айбар арысымыз оққа ұшты. Ел сіздің бір ауыз сөзіңізді күтіп отыр. Ағеке, жаудан бетіңіз қайтпаған батырсыз, ханның қасында жүріп, қазақтың жоғын жоқтап, жаудың оғына кеуде тосқан ерсіз. Батаңызды беріңіз, Әлмембетті шабамыз, қанға қан аламыз», - дейді.

Едіреңдеген елге не айтарын білмей Ағыбай батыр үнсіз ұзақ отырады да, «келіндерді шақыр, өткендегі жоқтауды қайта айтсын», - дейді. Келіндер сұңқылдап жоқтай жөнеледі. Жанарын жас жуған қарт батыр, «Бұл жоқтауды кім шығарды?» деп ағайындарынан сұрайды. Көпшілік «Бұл жоқтауды Әйекеме арнап қыпшақ Бұдабай ақын жазып берді», - дейді. Сонда Ағыбай батыр: «Пай-пай, Әйекемді бір қыпшақ өлтірсе, екінші қыпшақ тірілкен екен, дау осымен бітсін, екі рулы ел бұдан былай байырғы құдандалығын жаңғыртып, тату өмір сүрсін», - деп бір-ақ кесіпті.

Ағыбайдың айтқаны-шұбыртпалылар үшін заң. Қайран ер қыпшақ пен шұбыртпалы арасында ушығып кеткелі тұрған дауды осылай басыпты. Әрине қандас бауырының қазасы қанша жанына батса да, кейінгі ел бірлігі одан да қымбат екенін аңғарған қарт батыр осылай үкім етіпті.